

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

ЕМДЕУ-РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТУРИЗМІНІҢ ӘЛЕМДЕГІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАҒДАЙЫН САЛЫСТЫРУ**Карбозова Мадина Бауыржанқызы**karbozovamd@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Дизайн және инженерлік графика» кафедрасының

5 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Абдраманова Ж.М

Емдік-сауықтыру туризмі туристік индустрияның ежелгі түрінің бірі. Емдік балшықтарды және минералды суларды емдік мақсатта пайдалану антикалық кезеңнен бастау алған. Емдік-сауықтыру туризм – нақты қалпына келтіру және емдік процедураларды алуға байланысты жеке және топтық демалыстың бір түрі. Емдік-сауықтыру туризмі үш негізгі емдік табиғи-рекреациялық ресурстармен сипатталады – климат, минералды сулар және емдік балшықтар. Аталмыш ресурстарды пайдаланумен емдеу бальнеотерапия (лат. balneum – суға түсу, жуыну, ванна), климатотерапия және пелоидотерапия (грек. pels – балшық) деп аталады. Емдік-сауықтыру туризмінің жүзеге асырылатын орны – курорт. Курорт (нем. курорт: кур – емдеу, орт – орын) – бұл, емдік-профилактикалық мақсатта пайдалануға қажетті шарттар мен табиғи емдік қасиеттерге ие аумақ. Осы аталған немесе басқа табиғи емдік ресурстардың болуына байланысты курорттар үш топқа жіктеледі: бальнеологиялық, климаттық және балшықпен емдеу. Бірнеше емдік факторларға ие курорттар сәйкесінше, климатты бальнео балшықты, бальнеоклиматикалық, бальнеобалшықты деп аталады.

Адам көне заманнан бері табиғаттың емдік қасиетін пайдалануды үйренген. Көне Римде ақсүйектер термалды суларға не- 45 гізделген танымал римдік моншаларда шомылған және емделген. Курорттық туризмнің дамуының басталуы XVIII ғасырға сәйкес келеді, бұл кезеңде халықтың бай-қуатты бөлігі саналатын еуропалық білімгерлердің, банкирлердің, фабриканттардың, орыс дворяндарының, үнді магараджаларының мен американдық плантаторлардың жиі демалыс орнына айналған танымал Чехиядағы Карлсбад (қазіргі Карловы-Вары), Франциядағы Виши, Швейцариядағы Баден, Германиядағы БаденБаден сияқты танымал бальнеологиялық курорттары, сондай-ақ, теңіз жағасындағы Монакодағы Монте-Карло және Франциядағы Ницца курорттары пайда болған.

Дәстүрлі курорттар өздерінің функционалдық мүмкіндіктерін кеңейте отырып, тұтынушылардың үлкен сегментіне қызмет көрсете алатын полифункционалды сауықтыру орталықтарына айналуға. Әр жыл сайын салауатты өмір салтын ұстанушылардың және дене формасын бір қалыпта ұстау үшін спортпен шұғылданушылардың және қайта қалпына келтіретін антистрессік бағдарламаларды қажет етушілердің саны артып келеді. Көптеген жағдайларда олар белсенді физикалық демалысты қажет етпейтін орта жастағы адамдар. Бұдан басқа, курорттардың жаңа нарық сегментіне ауысуының тағы бір себебі мемлекет пен муниципалитеттердің қаржылық көмектерінің қысқаруы.

Курорттарда демалушылар контингенті өзіндік ерекше. Жастармен салыстырғанда үлкен кісілер мен физикалық тұрғыда әлсіреген тұлғалар курорттардағы жиі қонақтар. Сондықтан, курорттардағы басты талап жайлылық болып саналады.

Емделу дегеніміз 10-нан 30 күнге дейін жалғасатын нақты емдік процедуралар курстарынан өту, сондықтан да туризмнің басқа түрлерімен салыстырғанда курорттарда туристердің тұрақтауы ұзақтау болады. Курорттық туризм бағасының қымбаттығын оның құрамына орналастыру, дәрігерлердің бақылауы, емдік процедуралар және жоғары деңгейдегі жайлылықтың енуімен түсіндіруге болады [1].

Әлемдегі рекреациялық туризмнің қазіргі жағдайы. Санаториялы-курорттық көмек адамгершілік, әлеуметтік және ғылыми-прогрессивтік қағидаларға негізделген: жоғары мамандандырылған қызметтерді стационарлық, амбулаторлық-диагностикалық және

санаториялы-курорттық мекемелер арасындағы жалғастырушылық, реабилитациялық және профилактикалық бағыттылығы. Уақытынан бұрын қартаю үрдісі және әртүрлі жастардағы адамдардың ауру деңгейі жоғары деңгейінің артуына қарай санаториялы-курорттық емдеудің рөлі ерекше. Санаториялы-курорттық емдеудің тиімділігі санаториялы емдеу мен сауықтыру курсының қабылдану нәтижесінде ауру бойынша еңбек қабілетінің 2-4 есе төмендеуі, адамдар денсаулығының 1,7 есе жақсаруымен шарттандырылады.

Санаториялы-табиғи кешендердің емдік факторларын пайдалану және қазіргі медициналық технологияларды пайдалану негізінде ауруларды реабилитациялау және сауықтыру 25-30 %-ға дейін жетеді. Бұл стационарлар мен поликлиникалардағы емдеу шығындарын 10-15 %-ға төмендетеді. Санаториялы-курорттық жерде аурулар мен жарақаттанудан зардап шеккендерді реабилитациялау кезіндегі шығындар өздерін үш реттік көлемде, ал инфаркттан кейінгі ауруларға кеткен шығындар жеті реттік көлемде өзін-өзі ақтайды.

Шетелдік курорттарда курорттық емдеу жүргізуге «еркін» әдіс ұсынылған. Шетелдік курорттардың артықшылығы қызмет көрсетудің жоғары дәрежедегі стандарттарымен, заманауи инфрақұрылыммен, қызмет көрсетудегі мамандандырылған менеджментпен көрініс табады.

Курортология тұрғысынан емдік-сауықтыру туризм және санаториялық-курорттық емдеудің бір түрі және саяхат технологиясы тұрғысынан сауықтыруды ұйымдастыруды қарастырады. Оған қол жеткізу үшін туристік өнімді құрастыру керек. Туристік өнімнің негізі ретінде сауықтыру және емдік технологияларын атауға болады. Олар демалыс кезінде адамның барлық қажеттіліктерін қанағаттандыруға тиісті. Бұл кезде әртүрлі табиғи және қайта құрастырған физикалық факторлар пайдаланылады.

Емдік-сауықтыру курорттарында болу ұзақтығының өзіндік талаптары бар, оның ұзақтығының минималды уақыты ауру түріне қарамастан, үш апта болуы керек.

Бүгінде көптеген санаториялы-курорттық мекемелер өздерінің емдік-сауықтыру бағдарламаларын ұсына алады. Олар, әдетте, 7-10 күнге есептеледі. Бекітілген қысқартылған мерзімде емдеу методикасы әлі күнге дейін жасалмаған.

Курорттарда емдік қызметтен басқа да түрлі спорттық және мәдени шаралар ұйымдастыру қарастырылады. Демалушыларға қайта қалпына келтіретін және сауықтыратын қызметтер кешені, сондай-ақ әртүрлі жоғары танымалдықта қолданылатын емдік-сауықтыру бағдарламалары ұсынылады.

Бүгінгі уақытта курортта демалыс кезінде тек медициналық мақсаттар ғана көзделмейді, әртүрлі анимациялық демалыстық көңіл көтеруші және спорттық бағдарламалар болады. Олар демалушылардың өмірлік тонусын көтеруге, эмоционалды және рухани қанағаттануына арналған[2].

Емдік қызметтер қымбат қызмет түрлеріне кіреді. Оған себеп – табиғи емдік ресурстарды пайдалану кезінде арнайы медициналық техникаларды және бальнеотехникалық шаруашылық жүргізу қымбат. Курортта тұрудың қымбаттылығы дәрігерлердің бақылауы, емдік процедураларға төлем және жоғары жайлылықтағы орналасудың болуымен шарттандырылады. Емдік-сауықтыру туризмі рекреациялық туризмнің қымбат түрлеріне жататыны да содан. Сондықтан да аталмыш туризм түрі негізінде қалталы клиенттерге бағытталғанын мойындау керек. Олардың барлығы стандартты емдеу процедураларын емес, индивидуалды емдеу бағдарламаларын қалайды.

Курорттардағы туристік қызметтердің қымбаттауының тағы бір себебі – мемлекеттің санаториялы-курорттық мекемелерді қаржылай қолдауын қысқартуы. Осы себепті, санаториялардың басшылары ақылы қызмет ассортименттерін кеңейтіп, жекелей алғанда СПА мен фитнес элементтерін белсенді енгізіп келеді.

Қазақстандағы рекреациялық туризмнің қазіргі жағдайы және дамуы

Қазіргі уақытта республикада туристік индустрияны дамытудың көптеген актуалды мәселелері бар. Туризм саласының әлемдік тәжірибедегідей орнығуына кедергі келтіретін

бірнеше факторлар бар. Бұл, ең алдымен, әлсіз менеджмент, бұл тек туристік индустрияда ғана емес, онымен салдарласатын салаларда да байқалады.

Қазіргі туристік индустрия Қазақстан Республикасының уникалды мәдени және табиғи потенциалына негізделген. Қазақстанда әртүрлі табиғат ландшафтары кездеседі, бұл кез келген туристік сұраныстарды қанағаттандыруға қабілетті.

Халықтың жұмыспен қамтылуын тұрақтандыруға және елдің табысын арттыруға кешенді қазақстандық турөнімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Ол турөнім туризммен аралас салаларды да (құрылыс, қызмет көрсету, сақтандыру, транспорттық коммуникациялық инфрақұрылым және т.б.) инвестициялауды ынталандырады.

Әлемдік дәстүрлі туристік аудандардың рекреациялық сыйымдылығы өз шегіне жеткен кезде және жаңарту қажет болған кезде республиканың туристер жиі баратын аудандар тізімінен табылуға мүмкіндігі бар.

Бүгінгі күнге дейін туризмнің елдің ұлттық, ішкі және экономикалық қауіпсіздігін сақтау мәселесіндегі орны қарастырылмай келеді.

Мемлекеттік ұйымдардың статистикалық мәліметтерінде қаржыландыру көзінің болмауы себепті туризм жеке сала ретінде бөлек көрсетілмеген. Соған қарамастан, Бүкіл Әлемдік Туристік Ұйымның ұсыныстарына сәйкес, көрсеткіштердің есебі тұрақты түрде жүргізіліп тұрады. Қазақстандағы дамыған рекреациялық туризмнің бағыты – емдік-сауықтыру (санаториялы-курорттық) туризмі.

Қазақстан территориясындағы табиғи емдік факторлар туралы алғаш рет XIX ғасырдың ортасында айтылған. 1834-1880 жылдары әдебиеттерде Рахман бұлақтары туралы ақпараттар болған. Сондай-ақ Қапал-Арасан бұлақтары, Бурабай көлі, БарлықАрасан және Жусанды көздері туралы ақпараттар пайда болған. Балшық көздері арасынан ең бірінші 1880 жылы Павлодар қаласынан 35 км жерде орналасқан Кішкене Тұз көлі және Қалқаман көлі сипатталған.

Қазақстан әртүрлі табиғи-емдік факторларымен атақты – минералды су көздері, балшықты көлдер, климатымызды емдеу аудандары. Бірақ 1917 жылға дейін осы бір ұлан-ғайыр территорияда тек екі санаторий ғана бар деп есептелген. Олар Бер-Шоғыр және Бурабай жерлерінде болған.

Мемлекеттік дәрежедегі алғашқы «Бурабай» курортының ашылуы 1920 жылға сәйкес, ал 1922-1925 жылдар арлығында «Рахман бұлақтары», «Сор», «Ауыл», «Миялы», «Жаңа-Қорған» және «Шымған» курорттары ашылған. Отызыншы жылдары 20 шақты табиғи-емдік орындарға олар туралы ақпараттарды толықтыру үшін және олардың даму перспективаларын негіздеу мақсатында ғалым климатологтар, бальнеологтар, геофизиктер, гидрологтар, дәрігер-курортологтар және химиктер зерттеу жүргізді. 1931 жылы 27 наурызда Қазақ курорт тресті құрылды, кейіннен курорттық басқарма деп өзгертілді [3].

Қазкурорт санаторийі – көп профильді. Ол арнайы мамандандырылған бөлімдерден тұрады. Олар заманауи медициналық құрал-жабдықтармен жабдықталған. Бұл жерде жаңа емдеу методикасы, зертханалық-функционалды және рентгендік диагностика жасалады.

Курорттың климаты курорттар мен санаторийлердің орналасқан зонасына тәуелді. Мысалы, Жаңақорған курортының климаты бірқалыпты, бірақ континенталды климаттан айырмашылығы бар. Курортқа шөлді зона тән. Алма-Арасан мен Тас үстіртіне Қазақстанның оңтүстік аудандарына таулы климат тән. Ал Бурабай курортының климаты орманды, төменгі таулы зонаға тән климат.

Қазақстан курорттары. Қазақстан үлкен курорттық байлыққа ие. Мұнда үлкен минералды су көздерінің, емдік балшықтардың, таулы климаттық және қымызбен емдеудің орталықтары ассортименті бар.

«Табаған» тау шаңғы курорты. «Табаған» жаңа кешені Алматы облысының Талғар ауданында ұлттық табиғи қорықтың 176 қасында орналасқан. Шекарасы – Алматыдан 17 км жерде. Ауданы – 55 гектар. Жазғы маусымда «Табаған» тау туризмін дамытудың барлық шарттарын ұсынады, тауда велосипедпен, квадроциклмен сырғанау, курортты типтегі

отбасылық демалыс, ашық аспан аясында спорттық және мәдени-демалыстық шаралар өткізу.



Сур. 1 Табаған курорты

Шымбұлақ. Медеу мұз айдынынан 7 километр жерде, теңіз деңгейінен 2200-2500 м биіктікте биік таулы аймақта орналасқан таушаңғы базасы. Талғар асуынан бастау алатын еңістің ұзындығы 3500 м-ді құрайды. Созылмалы еңістің ұзындығы – 1500 м. Шымбұлақта ілмекті және орындықты көтергіштер бар. Олар келушілерді Талғар асуынан теңіз деңгейінен 2200 метр биіктікке көтере алады.

Медеу. 1972 жылы ашылған, теңіз деңгейінен 1691,2 м биіктікте орналасқан танымал мұз айдыны. Мұздың беткі қабатының ауданы – 10,5 мың2 км алып жатыр. Мұзда мәнерлеп сырғанау, хоккей, конькимен сырғанау сияқты спорт түрлерінен әлемдік, халықаралық және ұлттық, республикалық дәрежедегі жарыстарды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Жергілікті жердің жұмсақ климаты, оптималды күн сәулесінің деңгейі, жоғары емес атмосфералық қысым, таза мұздық суы мен аздаған жел мұз айдынын кеңінен танымал етеді.



Сур. 2 Шымбұлақ

Бурабай. «Бурабай» курорты өзінің қайталанбас әдемілігімен, көлдердің орналасуымен, бай жануарлар мен өсімдіктерінің арқасында «Қазақстанның маржаны» деген атақ алған.

Қылқан жапырақты орман, көл және тау тек қайталанбас табиғат көрінісін құрастырып қана қоймай, қолайлы емдік климат қалыптастырады. Бурабай санаторийлері демалыс үйлері мен спорттық-сауықтыру лагерлерінің мекені болып табылады. Курортта негізгі демалушыларды Қазақстанның, Ресейдің және басқа да ТМД елдерінің азаматтары құрайды. Бурабай өзінің қымызы, минералды су және емдік балшықтарымен танымал. Сондай-ақ курорттағы таза ауа, қылқанды орман мен дала шөптері емдік қасиетке ие. Суға шомылу мезгілі маусымайына сәйкес келеді [4].

Жазғы уақытқа ата-аналардың балаларымен демалуына әртүрлі орналастыру орындары ұсынылады. Бұл отбасылардың қаржылық мүмкіндіктеріне байланысты. Мысалы, «Бурабай» көлінің территориясында жайлы үйлерде орналасуға болады немесе қорғаныс министрлігінің санаторийінде орналасуға болады. «Шортан» көлінің территориясында

«Жасыл орман» санаториясы, «Ботагөз» және «Көкшетау» демалыс үйлері мен турбазалар бар.

Ұйымдасқан оқушылар тобы үшін Үлкен Шабак көлінде шатырлардан тұратын лагерьде немесе «Көкшетау» демалыс үйінде демалыс ұйымдастыру мүмкіндігі бар.



Сур. 3 Бурабай

Қазіргі Қазақстандағы туризм жағдайы туралы айтатын болсақ, туризм экономиканың дамушы кластері болып табылады. Туризм индустриясы елдің өтпелі экономикасында экономикалық және саяси жүйедегі өзгерістердің күрт өзгеруі сияқты мәселелерге жолықты. Қазақстанда туризмді дамытудың басты мақсаты – бәсекеге қабілетті және жоғары тиімді туристік кешен құру. Бұл міндетті шешуде бірінші орында инновациялық экономика құру және ел экономикасында шикізат емес секторды дамыту міндеттері қойылады. Туризмді мемлекеттік қолдау – саланы орнықты дамытудың қажетті шарты болып табылады. Халықаралық тәжірибе туристік инфрақұрылымды дамыту үшін жағдайлар жасау, жеке меншік инвесторларды тарту, туристік индустрия субъектілерінің қызметі үшін қолайлы экономикалық жағдайларды қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық базаны қалыптастыруға бағытталған мемлекеттің белсенді саясаты туристік саланың, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуында маңызды орын алуы мүмкіндік беретінін көрсетіп отыр [5].

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Рекреационные ресурсы и методы их изучения. – М.: 1981. 22.
2. Туризм и отраслевые системы / Под ред. В.А. Квартальнова. – М.: 2003. 23.
3. Туризм как вид деятельности / Под ред. В.А. Квартальнова. – М.: 2003. 24.
4. Шаруненко Ю.М. Рекреационный туризм: учеб.-метод. пособие / Шаруненко Ю.М. Орел: Межрегиональная Академия безопасности и выживания (МАБИБ), 2014. – 102 с. – Б. ц. 25.
5. Безруков Ю.Ф. Рекреационные ресурсы и курортология: учеб. пособие. – Симферополь, 1998.